

Техникалық төлқұжат

SC902

Ісінетін болат жабыны — жылдам орындауға арналған, нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды

22-10-2025 / V 5

СИПАТТАМА

SC902 - төмен ҰОҚ-ға ие, бір қабатта жағылатын, қалың қабатты жүйе болып табылады және патенттелген технологияға негізделген.



Ерекшеліктері мен артықшылықтары

- Жылдам қатайту — тіпті 0°C-тан төмен температурада да, 1 сағат ішінде қол тигізетіндей құрғақ күйге жетеді.
- Құрғақ қалдықтың жоғары мөлшері.
- Ауа райына ерте төзімділік, жаңбыр әсеріне төзімділігі — 1 сағат ішінде
- Абразивті тазалаудан кейін болатта жеңіл коррозияның пайда болуына төзімді өзін-өзі тегістеп сырлайтын жүйе — 2 аптаға дейін
- Бір қабатта барлық қажетті отқа төзімді номиналдарын қамтамасыз ете алатын жоғары үлдіртүзгіш қабілеті.
- BS476 және EN13381 стандарттарының 6, 8, 9 және 10-бөліктеріне сәйкес тексерілген, 120 минутқа дейінгі өртке төзімділік дәрежесі.
- Нысанда және нысаннан тыс жағдайларда қолдануға арналған
- Optifire®+ бірегей қадағалау идентификаторы
- Certifire CF5144 сертификаты
- CE ETA 20/1216

Қолдану мақсаты

SC902 — құрылымдық болатқа арналған жылдам қатаятын, өртке төзімді қорғаныс жабыны.

SC902 екі таврлы қималы арқалықтар мен ұстындардың, қуысты ұстындадың, ұяшықты арқалықтардың, бетонмен толтырылған қуысты ұстындардың және тұтас керме болат сырықтардың 120 минутқа дейінгі өртке төзімділігін қамтамасыз ету үшін әзірленген.

Жылдам қатаятын жабын ретінде, 120 минуттық өртке төзімділікке қажетті қалыңдықты бір қабатта жағуға болады, ал ауа райына төзімділігі 1 сағат ішінде қалыптасады.

SC902 болатқа, шойынға және мырышталған болатқа қолдануға жарамды.

Цехтық жағдайда қолдануға ыңғайлы, одан да жылдам қатаятын нұсқасы — Nullifire SC901.

Қаптамасы

А бөлігі: салмағы 22,3 кг қаптама

В бөлігі: салмағы 2,7 кг қаптама

Қолжетімді түсі

А бөлігі – Ақ

В бөлігі – Жартылай мөлдір қара

Араластырылған күйде – Ашық ақ

Қатайғаннан кейін – Ашық ақ

Техникалық төлқұжат

SC902

Ісінетін болат жабыны — жылдам орындауға арналған, нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды

Сақтау шарттары

+0 °C пен +35 °C аралығындағы температурада, қауіпсіз әрі құрғақ қойма жағдайында сақтау қажет.

Сертификаттар мен мақұлдаулар

Certifire CF5144

BS 476 стандарттары, 20–22-бөлімдер

EN 13381–8 — Құрылымдық болат

ETA – 20/1216

CE белгісі – 2812-CPR-GA5018

Ұяшықты арқалықтар (Cellular Beams) — YB5 және EN 13381–9

EN 13381–6 — Бетонмен толтырылған қуысты элементтер

EN 13381–10 — Тұтас болат тарту штангалары

Австралия стандарттары — AS 4100 және AS 1530

Жапония стандарты — JIS A 1304

Техникалық төлқұжат

SC902

Ісінетін болат жабыны — жылдам орындауға арналған,
нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды

Техникалық сипаттамалар

Орташа кебу уақыты (ҚҰҚ және температураға байланысты)	20 °C температурада 1000 микрон құрғақ үлдір қалыңдығы (ҚҰҚ)	- Қол тигізетіндей құрғақ күйге дейін қатаю уақыты — 60 минут - Келесі қабатты жағуға дейінгі уақыт — 4 сағат - Тиеуге дейінгі уақыт — 24 сағат <i>Бұл көрсеткіштер тек нұсқаулық ретінде берілген. Ауа қозғалысы, температура және жабын қабатының қалыңдығы сияқты басқа факторларды міндетті түрде ескеру қажет.</i>
Құрылыс кезеңі		Толық құрғағаннан кейін сыртқы қорғаныш қабатынсыз 6 айға дейін пайдалануға болады («Қоршаған орта әсеріне төзімділік» тарауын қараңыз)
Меншікті тығыздығы		А бөлігі: 1,55 ± 0,02 В бөлігі: 0,99 ± 0,01 Араластырылған күйде: 1,46 ± 0,02
Қалыңдығы	Бір қабатқа ұсынылатын қалыңдық (мысалы, 1000 мкм ҚҰҚ үшін 1 750 г/м²) Нақты ұсыныстар алу үшін Nullifire техникалық қызметімен кеңесу ұсынылады.	Жүктеме кестелеріне сәйкес.
Араластыру қатынасы	Араластыру қатынасы	Салмақ бойынша: 100 : 12 Көлем бойынша: 5,6 : 1
+20 °C та жұмысқа жарамды уақыты	Өміршеңдігі немесе шашыратып жағуға жарамдылық уақыты	60 минут
Құрғақ қалдық мөлшері	Көлемдік қатты заттар мөлшері	85% ± 3
Жағу температурасы		–5 °C-тен +35 °C-қа дейін, салыстырмалы ылғалдылық <95%, болат бетінің температурасы шық нүктесінен кемінде 3 °C жоғары болуы тиіс.
Пайдалану температурасы		–20 °C-тен +40 °C-қа дейін
Қоршаған орта / ҰОҚ		137 г/литр
Беткі көрінісі		Күңгірт
Сақтау шарттары		0 °C пен +35 °C аралығында, қауіпсіз әрі құрғақ қойма жағдайында сақтау.
Сақтау мерзімі		Ұсынылған шарттарда, ашылмаған түпнұсқа қаптамада 20 °C-та — 12 ай.
Қолдану жөніндегі нұсқаулық		SC600, SC800 және SC900 сериялары үшін егжей-тегжейлі қолдану нұсқаулықтары бар және жағуды бастамас бұрын міндетті түрде қаралуы тиіс. Қарау үшін https://www.nullifire.com/en_GB/technical-zone/download-centre/ сілтемесін басыңыз.

Техникалық төлқұжат

SC902

**Ісінетін болат жабыны — жылдам орындауға арналған,
нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды**

Техникалық сипаттамалар

Тазалау

Қатаймаған бояуды ксилолмен (FC150) тазалауға болады. Кепкен бояуды қырғышпен кетіруге болады. Бүріккіш жабдықты тек ксилолмен (FC150) немесе құрамында кемінде 80% ксилол бар еріткіштермен тазалау керек, ал су немесе спирт мөлшері <0,2% болуы керек. Су мөлшерінің жоғары болуы жабдық ішінде гель түзілуіне әкеледі.

Қолдану нұсқаулары

SC600, SC800 және SC900 сериялары үшін егжей-тегжейлі қолдану жөніндегі нұсқаулықтар бар және жағу жұмыстарын бастамас бұрын міндетті түрде қаралуы тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін келесі сілтемеге өтіңіз: https://www.nullifire.com/en_GB/technical-zone/download-centre/

Қоршаған ортаға төзімділігі

C1, C2, C3, C4 және C5 орта санаттарына жарамды.

ETAG 18-02 стандартына сәйкес — X түріне дейін қосқанда.

Толық мәлімет алу үшін Nullifire спецификациялау жөніндегі нұсқаулықтарын қараңыз.

Құрылыс кезеңіндегі қоршаған орта жағдайлары ғимараттың соңғы жіктелу кезеңіндегі жағдайлардан ерекшеленуі мүмкін. Құрылыс кезеңінде қоршаған орта әсері соңғы жіктелу кезеңіндегі әсерінен анағұрлым жоғары болуы ықтимал. Әрбір өнім мен спецификация құрылыс кезеңіндегі төзімділік тұрғысынан, соның ішінде шектеулер мен ескертпелерді ескере отырып, жеке қарастырылуы тиіс.

Кептіру кезеңінде ісінетін жабын, жаңбырды қоса алғанда, судың барлық түрлерінен қорғалуы қажет.

Барлық жағдайларда сумен ұзақ уақыт жанасуға жол берілмеуі тиіс, оның ішінде конденсат, тоспа су, қатты су ағындары және жаңа құйылған бетоннан ағатын сулар (соның ішінде сілтілі ылғал). Судың әсері жабын жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қолдану шарттары – қосымша талаптар

Пайдаланылмаған кезде өнімнің барлық қаптамаларын жабық күйде сақтаңыз.

В бөлігі ылғалға сезімтал, сондықтан қолданар алдында тығыз жабылған күйде қалуы қажет.

C1 және C2 орталары үшін төсеме бояу спецификацияда көрсетілмеуі мүмкін. C1 немесе C2 орталарында зақымдалған төсеме бояуды жөндеу қажет емес.

Тым алыс қашықтықтан бүрку құрғақ шашырауға немесе текстуралық қабаттың түзілуіне әкелуі мүмкін, бұл жабынның эстетикалық келбетіне әсер етіп, жоғарғы қабатты жағу кезінде жабысып қалу немесе адгезиясына қатысты мәселелер туындатуы ықтимал.

Қосымша нұсқаулар үшін қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға жүгініңіз.

Жабын жағуды жылдамдату үшін дәс120 минуттық өртке төзімді барлық қалыңдықтарды бір қабатта жағуға болады, дегенмен жобаға қажетті негіз геометриясына, қолжетімділікке және қажетті әрлеу сапасына байланысты мақсатты дымқыл үлдір қалыңдығын алдын ала анықтауды ұсынамыз.

Ескерту: егер шашыратып жағу жұмыстары 15 минуттан артық уақытқа тоқтатылса, жабдық жүйесін шаю қажет болады.

Мырышталған болттар майсыздандырылғаннан кейін қосымша дайындықсыз жабынмен қапталуы мүмкін.

C1 немесе C2 орталары үшін төсеме бояу талап етілмейді. Жүйе бір компонентті төсеме бояулардың үстіне қолдануға жарамсыз, ал екі компонентті төсеме бояулармен үйлесімділігін анықтау үшін Nullifire техникалық қызметімен кеңесіңіз.

Мырышталған немесе басқа беттер үстіне қолдану үшін Nullifire техникалық қызметіне хабарласыңыз.

Техникалық төлқұжат

SC902

**Ісінетін болат жабыны — жылдам орындауға арналған,
нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды**

Бетті дайындау

SC902 тек отқағы толық алып тасталған, абразивтік түрде тазаланған және орташа профилі 75 мкм-ға (минимум 40 мкм) тең беттерге ғана жағылуы мүмкін. Ұсынылған төсеме бояуды қолдану үшін бет тазалығы Sa 2.5 деңгейіне жеткізілуі қажет. Жабынды жағу алдында барлық беттер таза болуы және кез келген ластанулардан толықтай таза болуы тиіс.

Қажетті құрал-жабдықтар

Ауа қысымынсыз шашырату жабдығын қолдану ұсынылады және ол төмендегі талаптарды қамтамасыз етуі тиіс:

Жұмыс қысымы: ең кемі 218 кг/см² (3100 фунт/дюйм²)

Шүмек өлшемі: 0,483-0,686 мм (19–27 мил)

Бұрку алауы: 20°–50°

Құбыршек диаметрі: 10 мм (3/8 дюйм) (ішкі диаметрі)

Құбыршек ұзындығы: максималды ұзындығы 30 метр. Әдетте кіріктірілетін сүзгілерді қолдану талап етілмейді.

Дайындық

C1 немесе C2 орта санаттары үшін төсеме бояу талап етілмейді.

Болат құрылымдар құрғақ атмосфералық жағдайларда, өлшемі мен түрі сәйкес келетін, ұсақ бөлшектерден, ылғалдан және майдан таза абразивті материалды пайдалана отырып абразивті түрде тазартылуы тиіс. Абразивті тазалау жұмыстары SIS 05 59 00 Швед стандартына сәйкес, SA 2.5 тазалалық деңгейіне немесе ISO 8501-1 талаптарына сай келгенге дейін жалғастырылуы қажет.

Жабынды тазартылған болатқа 2 апта ішінде жағу ұсынылады. Жабын жағылатын барлық беттер таза, құрғақ, үгітілгіш бос материалдардан және адгезияға кері әсер етуі мүмкін, кез келген ластанулардан толықтай таза болуы тиіс.

Nullifire қолдану түріне байланысты бірқатар төсеме бояуларды ұсынады және оларды сынақтан өткізген. Мақұлданған төсеме бояулар тізімін алу үшін Nullifire техникалық қызметіне жүгініңіз.

Бұл жүйе бір компонентті төсеме бояулардың үстіне жағуға келмейді, ал екі компонентті төсеме бояулармен үйлесімділігі Nullifire техникалық қызметімен нақтылануы тиіс.

Мырышталған немесе басқа беттер үстіне қолдану үшін Nullifire техникалық қызметіне хабарласуыңызды сұраймыз.

Араластыру

Өнімді әрқашан толық қаптама көлемінде механикалық түрде араластыру қажет.

А бөлігін алдын ала араластырып, содан кейін В бөлігін қосып, біркелкі түс алынғанға дейін екі компоненттің толық араласқанына көз жеткізіңіз.

SC902 жабынын FC150 сұйылтқышын қолдана отырып, ең көбі 2%-ға дейін сұйылтуға болады.

Төсеме бояу жағу

Ұсынылатын төсеме бояулар бойынша ақпарат алу үшін Nullifire компаниясының мамандарына хабарласыңыз.

Nullifire әртүрлі төсеме бояулармен үйлесімділік сынақтарын жүргізген, алайда басқа өндірушілердің төсеме бояуларының үйлесімділігін бақылай алмайды.

Төсеме бояу жүйесінің жалпы қалыңдығы (ҚҰҚ) 150 микроннан аспауы тиіс, ал тек қабаттардың айқастырылған аймақтарында ғана ең жоғары рұқсат етілетін мән — 200 микрон ҚҰҚ.

Жылтыры анық көрінетін төсеме бояумен қапталған болат беттерді күңгірт әрлеуге жеткізу үшін тегістеу қажет.

Төсеме бояу өндірушінің нұсқауларына толықтай сәйкес жағылуы қажет.

Техникалық төлқұжат

SC902

**Ісінетін болат жабыны – жылдам орындауға арналған,
нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды**

Үйлесімділік, адгезия немесе кебу мәселелері жоқ екеніне көз жеткізу үшін, ісінетін жабынды толығымен жағар алдында, кішкене аймаққа жағып көру ұсынылады.

Құрал-жабдықтарды тазалау

Қатаймаған бояуды ксилолмен (FC150) тазалауға болады. Кепкен бояуды қырғышпен кетіруге болады. Бүріккіш жабдықты тек ксилолмен (FC150) немесе құрамында кемінде 80% ксилол бар еріткіштермен тазалау керек, ал су немесе спирт мөлшері <0,2% болуы керек. Су мөлшерінің жоғары болуы жабдық ішінде гель түзілуіне әкеледі.

Қорғаныс құралдары

Өнімді жақсы ЖАҚСЫ ЖЕЛДЕТІЛЕТІН ЖАҒДАЙДА ҚОЛДАНУ қажет және өнімді қолданған кезде барлық ұсынылған қорғаныс құралдарын пайдаланылуын қамтамасыз етіңіз. Толық ұсыныстарды Қауіпсіздік төлқжатынан қараңыз.

Жоғарғы жабын қабаты

Ұсынылатын жоғарғы қабаттары бойынша ақпарат алу үшін Nullifire компаниясының мамандарына хабарласыңыз. Nullifire әртүрлі жоғарғы қабаттармен үйлесімділік сынақтарын жүргізген, алайда басқа өндірушілердің жоғарғы қабаттарының үйлесімділігін бақылай алмайды.

Сыртқы қабаттың түрі, ҚҰҚ және қабаттар саны спецификацияға толықтай сәйкес болуы тиіс. Спецификациялар Nullifire спецификациялау жөніндегі нұсқаулықтарына немесе тиісті өнімнің ЕТА құжатына негізделеді.

Жоғарғы қабат өндірушінің нұсқауларына толықтай сәйкес жағылуы тиіс.

Үйлесімділік, адгезия немесе кебу мәселелері жоқ екеніне көз жеткізу үшін, жоғарғы жабынды толығымен жағар алдында, кішкене аймаққа жағып көру ұсынылады.

Шығын нормасы

ҚҰҚ 1000 мкм кезінде 1 750 г/м²

Техникалық күтіп-баптау

Зақымдалған аймақтарды берік бетке дейін тегістеу керек. Одан кейін қайта жағу алдында бет таза және құрғақ болуы қажет. Сызаттар мен ұсақ опырылуларды жөндеу үшін FC101 жөндеу жинағын(бөлек сатылады) қолдану ұсынылады. Жөндеу аяқталғаннан кейін жоғарғы қабаты қайта жағылуы тиіс. Nullifire SC900 жүйесінің қолдану жөніндегі нұсқаулығына жүгініңіз.

Кепілдік

Tremco CPG UK Limited өнімдері қатаң сапа стандарттарына сәйкес өндіріледі.

Егер өнім: (a) Tremco CPG UK Limited компаниясының жазбаша нұсқауларына сәйкес, және (b) Tremco CPG UK Limited ұсынған қолдану тәсілдеріне сай қолданылғанына қарамастан, ақаулы екені дәлелденсе, өнім тегін ауыстырылады. Осы парақта берілген ақпаратқа қатысты ешқандай жауапкершілік қабылданбайды, дегенмен ол адал ниетпен жарияланған және дұрыс деп есептеледі. Tremco CPG UK Limited үздіксіз даму және жетілдіру саясатына сәйкес өнімнің техникалық сипаттамаларын алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Жұмыс орындаушының міндеті - жұмыстар басталғанға дейін барлық элементтердің жарамдылығы мен өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қажет етілетін талаптарға сәйкестіктің қамтамасыз етілуін қадағалау.

Техникалық төлқұжат

SC902

**Ісінетін болат жабыны – жылдам орындауға арналған,
нысанда және нысаннан тыс жерде қолдануға жарамды**

Қауіпсіздік шаралары

Өнімді жақсы ЖАҚСЫ ЖЕЛДЕТІЛЕТІН ЖАҒДАЙДА ҚОЛДАНУ қажет және өнімді қолданған кезде барлық ұсынылған қорғаныс құралдарын пайдаланылуын қамтамасыз етіңіз. Толық ұсыныстарды Қауіпсіздік төлқжатынан қараңыз.

Жанғыш өнім - ашық жалыннан және тұтану көздерінің барлық түрлерінен аулақ ұстаңыз.

Техникалық күтіп-баптау

Tremco CPG UK Limited компаниясында өнімдерді таңдау және техникалық спецификациялау бойынша көмек көрсететін тәжірибелі техникалық сату өкілдерінен құралған команда жұмыс жасайды. Толығырақ ақпарат, қызмет көрсету немесе кеңес алу үшін Клиенттерге қызмет көрсету бөліміне 01942 251400 нөмірі арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.

Спецификациялар

Бүкіл жүйені қорғау үшін ғимараттың орналасқан ортасыны экологиялық жіктемесіне сәйкес тиісті спецификацияны пайдалану қажет. Қажет болған жағдайда құрылыс және тасымалдау кезіндегі қоршаған орта жағдайларын да ескеру қажет және ең нашар жағдайды пайдалану керек. Nullifire тиісті сипаттаманы таңдауға көмектесе алады.

Ғимарат орналасқан ортаның экологиялық жіктемесіне сәйкес, бүкіл жүйені қорғау үшін тиісті техникалық спецификация қолданылуы тиіс. Қажет болған жағдайда құрылыс және тасымалдау кезеңіндегі қоршаған орта жағдайлары да ескерілуі, ал бағалау кезінде ең қолайсыз жағдай негізге алынуы қажет.

Nullifire тиісті спецификацияны таңдауда кеңес пен қолдау көрсете алады.

Сертификаттау



Tremco CPG UK Limited
Coupland Road, Hindley
Green
Wigan, WN2 4HT
United Kingdom
+44 (0)1942 251400
hello@tremcocpg.com